



Eurasian Bank

«Еуразиялық банк» АҚ

2024 жылғы 31 желтоқсанда
аяқталған жыл үшін
шоғырландырылмаған
қаржылық есептілік

Мазмұны

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі	3-8
Пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы шоғырландырылмаған есеп	9
Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылмаған есеп	10
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылмаған есеп	11-12
Меншік капиталындағы өзгерістер туралы шоғырландырылмаған есеп	13-14
Шоғырландырылмаған қаржы есептілігінің ескертпелері	15-114



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі
шектеулі серіктестік
Қазақстан, А25D6Т5, Алматы,
Достық д-лы, 180,
+7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной
ответственностью «КПМГ Аудит»
Казахстан, А25D6Т5, Алматы,
пр. Достық, 180

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

«Еуразиялық банк» АҚ Акционеріне және Директорлар кеңесіне

Пікір

Біз 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылмаған есебінен, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылмаған есептерден, сондай-ақ, есеп саясатының елеулі тұжырымдамалары мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «Еуразиялық банк» Акционерлік қоғамы мен оның еншілес кәсіпорындарының (әрі қарай – «Банк») шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, шоғырландырылмаған қаржылық есептілік Қаржылық есептілігінің халықаралық стандарттары жөніндегі Комитеті шығарған ҚЕХС қаржылық есептіліктің стандарттарына (ҚЕХС қаржылық есептіліктің стандарттары) сәйкес барлық елеулі қатынастарда Банктің 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы шоғырландырылмаған қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша шоғырландырылмаған қаржылық нәтижелерін және шоғырландырылмаған ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.

Пікір білдіруге негіздеме

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз одан әрі есебіміздің *«Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі»* бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлер әдеп кодексіне (БАХӘСК кодексі) және біздің шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің аудитіне тиісті Қазақстан Республикасында қолданылатын әдептілік талаптарға сәйкес Банкқа қатысты тәуелсіз болып табыламыз, және біз басқа да әдептілік міндеттемелерді осы талаптар мен БАХӘСК Кодексіне сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.



Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – біздің кәсіби пайымдауымыз бойынша, ағымдағы кезеңнің шоғырландырылмаған қаржылық есептілігінің аудитінде ең маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер толығымен біздің шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің аудитінің мәнмәтіні мен осы есептілік туралы біздің пікіріміздің қалыптасуында қарастырылды және біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

Клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік залалдар («ККЗ»)

Шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің 3 (ж) және 15-ескертпелерін қар.

Аудиттің негізгі мәселесі	Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты аудиторлық рәсімдер
Клиенттерге берілген кредиттер активтердің жалпы шамасының 47%-ын құрайды, және тұрақты негізде бағаланатын және пайдаланылатын жорамалдарға сезімтал күтілетін кредиттік залалдарға арналған резервтің шегерілуімен қамтылып көрсетіледі. Банк басшылықтан кәсіби пайымдауды қолдануды және мынадай негізгі салаларға жататын жорамалдарды пайдалануды талап ететін ККЗ бағалау моделін пайдаланады: - клиенттерге берілген несиелерге қатысты кредиттік тәуекелдің және дефолт оқиғаларының елеулі өсуін уақтылы анықтау (ҚЕХС (IFRS) 9-ға сәйкес 1, 2 және 3-Сатыларға жатқызу); - дефолт (PD) ықтималдығын және дефолт болған жағдайда шығын мөлшерін (LGD) бағалау; - бастапқы тану кезінде 3-Сатыға жатқызылған несиелер мен несиелік құнсызданған активтер бойынша күтілетін ақша ағындарын бағалау.	Біз ҚЕХС (IFRS) 9 талаптарына сәйкестігі тұрғысынан, соның ішінде талдауға қаржылық тәуекелдерді басқару саласындағы біздің мамандарды тарту арқылы ККЗ-ны бағалауға қатысты Банктің әдіснамасы мен саясатының негізгі аспектілерін талдадық. ККЗ резервін есептеу кезінде басшылық жасаған кәсіби пайымдаулар мен жорамалдардың барабарлығын талдау үшін біз келесі рәсімдерді жүргіздік: — Корпоративтік клиенттерге берілген несиелер бойынша біз несиелерді тиісті Сатыларға уақтылы жатқызуға қатысты бақылаулардың әрленімі мен енгізілуін бағаладық. Корпоративтік пен бөлшек клиенттерге берілген несиелерге қатысты біз тиісті жүйелердегі кешіктірулерді уақтылы қамтып көрсетуге қатысты бақылаулардың әрленімі мен енгізілуін бағалап, олардың операциялық тиімділігін сынадық. — ККЗ бағасының әлеуетті өзгеруі шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке елеулі әсер етуі мүмкін корпоративтік клиенттерге берілген несиелер іріктемесі бойынша біз қаржылық және қаржылық емес ақпаратты, сондай-ақ жорамалдар мен Банк қолданған кәсіби пайымдауларды талдау арқылы Сатыларды анықтаудың дұрыстығын тексердік. — Корпоративтік клиенттерге берілген несиелерді іріктеу бойынша біз PD және LGD есептеу кезінде пайдаланылатын бастапқы деректердің дұрыстығын бастапқы құжаттармен салыстыру арқылы, сондай-ақ ККЗ-ны есептеу және Банк пайдаланатын деректермен салыстыру



Клиенттерге берілген несиелердің елеулі көлеміне, сондай-ақ ККЗ бойынша резервтің шамасын бағалауға тән белгісіздікке байланысты бұл мәселе аудиттің негізгі мәселесі болып табылады.	үшін пайдаланылатын кепіл мүлкінің құнын бағалау арқылы тексердік. — 3-Кезеңге, бастапқы таныған кезде кредиттік-құнсызданған активтеріне жатқызылған корпоративтік клиенттерге берілген кредиттерді іріктеу бойынша жеке бағаланатын ККЗ резервтері бойынша біз қолда бар нарықтық ақпаратқа сүйене отырып, өткізілетін кепіл құнын бағалауды, оның ішінде бағалау саласындағы мамандарымызды тарта отырып, және оларды іске асыру мерзімдерін қоса алғанда, болашақ ақша ағындарын есептеу кезінде Банк пайдаланатын жорамалдарды сыни тұрғыдан бағаладық. — Іріктеп алу негізінде біз бөлшек клиенттерге берілген несиелер бойынша ККЗ-ны бағалау үшін пайдаланылатын үлгінің бастапқы деректерін алғашқы құжаттармен салыстырып, осы несиелердің тиісті Сатыларға дұрыс жатқызылуын тексердік. — Қаржы тәуекелдерін басқару саласындағы мамандарды тарта отырып, біз 2024 жылдың 1 қаңтарында жасалған бағалауды 2024 жылдың нақты нәтижелерімен салыстыру арқылы ККЗ-ны есептеу үшін Банк пайдаланатын үлгілердің жалпы болжағыш қабілетін бағаладық. — Біз ККЗ-ны есептеуде пайдаланылатын формулалардың математикалық дәлдігін тексердік, сондай-ақ жалпы алғанда, ККЗ-ны қайта есептеудің аналитикалық рәсімдерін жүргіздік. Сондай-ақ, біз шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктегі ақпаратты ашу Банктің несиелік тәуекелге ұшырағыштығын лайықты түрде көрсететінін-көрсетпейтінін бағалауды тексердік.
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісінің пайдаланылуымен есептелген клиенттерге берілген несиелер бойынша пайыздық табысты тану	
Шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің 3(м)(i)(ii), 4 және 15-ескертпелерін қар.	
Аудиттің негізгі мәселесі	Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты аудиторлық рәсімдер
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын клиенттерге берілген несиелер бойынша пайыздық табыс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісінің пайдаланылуымен есептеледі	Біз 9 ҚЕХС (IFRS) талаптарына сәйкестігі үшін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық табысты тануға қатысты Банк есеп саясатының негізгі аспектілерін талдадық. Біз келесі рәсімдерді жүргіздік:



және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісінің пайдаланылуымен есептелген Банктің жалпы пайыздық табысының 77%-ын құрайды. Банкте берілген несиелер бойынша жалпы табыстылықтың ажырамас бөлігі ретінде есепке алынатын бөлшек несиелерді беруге байланысты комиссиялық кірістердің алуан түрлері бар, сондай-ақ бөлшек клиенттерге берілген несиелердің елеулі бөлігі сатылы атаулы пайыздық мөлшерлеменің шарттарын қамтиды. Біз бұл саланы негізгі аудит мәселесі ретінде айқындадық, себебі клиенттерге берілген несиелер бойынша пайыздық табыс Банктің жиынтық түсімінің елеулі бөлігін құрайды, және де тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданудың қиындығына байланысты.	— клиенттерге берілген несиелер бойынша Банктің есепке алу жүйесінде атаулы пайыздық табыстың есептелуіне қатысты бақылаулардың әрленімі мен енгізілуін бағалап, операциялық тиімділігін сынадық; — тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісінің пайдаланылуымен есептелген пайыздық табысты тану бойынша есеп саясатын қолдануда Банктің несиелік өнімдері мен негізгі пайымдауларына талдау жүргіздік; — іріктеп алу негізінде клиенттерге берілген несиелер бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемесін қайта есептедік; — есептеулерде пайдаланылған кіріс деректерін іріктеп алу негізінде алғашқы құжаттармен салыстырып тексердік; — клиенттерге берілген несиелер бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісінің пайдаланылуымен есептелген пайыздық табысты қайта есептеу рәсімдерін жүргіздік.
---	--

Басқа ақпарат

Басшылық басқа ақпарат үшін жауапты. Басқа ақпарат Банктің 2024 жылғы жылдық есебінде қамтылған ақпаратты қамтиды, бірақ шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті және ол туралы біздің аудиторлық есепті қамтымайды. Банктің 2024 жылғы жылдық есебі бізге, болжаммен, осы аудиторлық есептің күнінен кейін беріледі.

Біздің шоғырландырылмаған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратты қамтымайды және біз басқа ақпаратқа қатысты қандай да бір нысандағы сенімділік қорытындысын білдірмейміз.

Біздің шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің аудитіне байланысты біздің жауапкершілігіміз мүмкін болған жағдайда жоғарыда анықталған басқа ақпаратты оқу және басқа ақпаратты оқу барысында оның шоғырландырылмаған қаржылық есептілікпен немесе аудит барысында алған біздің білімімізбен елеулі дәйексіздігін немесе елеулі бұрмаланған болып көрінуін қарастыру.

Шоғырландырылмаған қаржылық есептілік үшін Банк басшылығы мен корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық ҚЕХС стандарттарына сәйкес шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің дайындауы мен әділ ұсынылуына және де алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбаған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажет деп анықтайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті дайындауда басшылық Банктің үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау, сәйкес жағдайларда үздіксіз қызметке қатысты мәселелерді ашып көрсету және басшылық Банкті жауып тастауға немесе оның операцияларын тоқтатуды ниеттеніп отырған немесе одан басқа нақты балама нұсқасы болмаған жағдайларды қоспағанда бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдану үшін жауапты.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Банктің шоғырландырылмаған қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.

Шоғырландырылмаған қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің толығымен алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбағандығы туралы ақылға қонымды сенімділік алу және де біздің пікіріміз енетін аудиторлардың есебін шығару. Ақылға қонымды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит бар болған кездегі елеулі бұрмалануларды әрқашан табатындығына кепіл болып табылмайды. Бұрмаланулар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және де егер олар жеке немесе жиынтық түрінде осы шоғырландырылмаған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, маңызды болып саналады.

АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит бойы кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Одан бөлек біз келесілерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз және де осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және өткіземіз және де біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені алаяқтық әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізу, ақпаратты немесе әрекетті бұрмалап көрсетулерді немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатымен, бірақ Банктің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатынсыз, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің түсінігін аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылықпен дайындалған ашып көрсетілген ақпаратты бағалаймыз;
- басшылықтың бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және де алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Банктің үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біздің аудиторлардың есебінде шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктегі сәйкес ашып көрсетілген ақпаратқа назар аудартуымыз керек немесе осындай ашып көрсетілген ақпарат орынсыз болса, пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлардың есебінің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Банктің үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін;



— шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің ашып көрсетілген ақпараты енетін бүтіндей ұсынылуын, құрылымы мен мазмұнын, және де шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды әділ ұсынылуын қамтамасыз етілетіндей көрсетуін бағалаймыз.

Біз басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға, тым болмағанда, аудиттің жоспарланған көлемі мен уақытын, сондай-ақ, біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері енетін аудиттің елеулі табуларын айтып білдіре отырамыз.

Біз, сонымен қатар, басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты сәйкес әдептілік талаптарын орындағанымыз туралы мәлімдеме береміз және барлық қарым қатынастар мен біздің тәуелсіздігімізге ықпал етеді деп негізді түрде санауға болатын өзге мәселелер және де сәйкес жағдайларда соған қатысты қорғау шаралары туралы айтып білдіре отырамыз.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға айтып білдірген мәселелер арасынан біз ағымдағы кезеңнің шоғырландырылмаған қаржылық есептілігінің аудитінде ең маңызды болған және сәйкесінше негізгі аудит мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл сұрақтарды, егер бұл мәселелер туралы ақпаратты көпшілікке жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайларды қоспағанда немесе өте сирек жағдайларда қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есепте хабарланбауы тиіс, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың салдары оны хабарлаудың өлеуметтік маңызды пайдасынан асып түседі деген қорытындыға келсек, аудиторлық есепте сипаттаймыз.


Аудиттің нәтижесі болып табылатын тәуелсіз аудиторлардың есебінің келісім партнеры:



Урдабаева А. А.
Қазақстан Республикасының
сертификатталған аудитору
2012 жылдың 27 тамызында берілген
№ МФ-0000096 аудитордың біліктілік куәлігі

«КПМГ Аудит» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызмет жүргізу үшін
2006 жылдың 6 желтоқсанында берген мемлекеттік лицензияның №0000021



Дементьев С. А.
«КПМГ Аудит» ЖШС Жарғы негізінде
өрекет ететін Бас директоры

2025 жылдың 25 сәуірі

«Еуразиялық банк» АҚ
2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін пайда немесе залал және
басқа жиынтық кіріс туралы шоғырландырылмаған есеп

	Ескертпе	2024 ж. мың теңге	2023 ж. мың теңге
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер	4	329,430,904	326,106,579
Пайыздық шығындар	4	(171,663,162)	(153,715,843)
Таза пайыздық кірістер	4	157,767,742	172,390,736
Комиссиялық кірістер	5	38,331,670	44,902,171
Комиссиялық шығыстар	5	(18,359,949)	(15,268,953)
Таза комиссиялық кірістер		19,971,721	29,633,218
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен жасалатын операциялардан түсетін таза пайда	6	1,117,436	9,689,070
Шетел валютасымен жүргізілетін операциялардан түсетін таза пайда	7	44,203,091	45,200,812
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтерімен жасалатын операциялардан түсетін таза пайда		3,476,910	2,760,804
Басқа таза операциялық шығыстар		(5,156,692)	(994,501)
Құнсызданудан болған залалдар, өзге де әкімшілік шығыстар мен табыс салығы шегерілгенге дейінгі операциялық кіріс		221,380,208	258,680,139
Борыштық қаржы активтерінің құнсыздануынан болған залалдар	8	(42,115,616)	(70,742,280)
Кредит беру жөніндегі міндеттемелер мен қаржылық кепілдік шарттарына қатысты құнсызданудан болған залалдар		(252,949)	(2,092,778)
Персоналға жұмсалған шығындар	9	(49,236,750)	(43,357,131)
Басқа жалпы және әкімшілік шығындар	10	(34,714,621)	(20,599,684)
Салық салынғанға дейінгі пайда		95,060,272	121,888,266
Табыс салығының шығысы	11	(10,119,296)	(24,996,734)
Бір жылдағы пайда		84,940,976	96,891,532
Басқа жиынтық кіріс			
Пайда немесе залал құрамына қайта жіктелген немесе кейіннен қайта жіктелуі мүмкін баптар:			
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы активтерін қайта бағалау жөніндегі резерв:			
- әділ құнның таза өзгеруі		15,658,792	12,734,704
- пайда немесе залал құрамына ауыстырылған әділ құнның таза өзгеруі		(3,476,910)	(2,760,804)
Кейінге қалдырылған салықтың өзгерісі		(646,429)	1,327,864
Пайда немесе залал құрамына қайта жіктелген немесе кейіннен қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар		11,535,453	11,301,764
Жыл ішіндегі барлық басқа жиынтық кіріс		11,535,453	11,301,764
Бір жылдағы жалпы жиынтық кіріс		96,476,429	108,193,296
Акцияға шаққандағы пайда			
Акцияға шаққандағы базалық және азайтылған пайда (теңге)	28	3,944.63	4,553.37

9-дан 114-ке дейінгі беттерде ұсынылған шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті басшылық 2025 жылдың 25 сәуірінде мақұлдап, басшылық атынан оған қол қойылды:



Сатиева Л. А.
Басқарма Төрағасы

Хамидуллин А. Е.
Басқарма Төрағасының
орынбасары

Рахметова С. К.
Бас бухгалтер

Пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы шоғырландырылмаған есептің көрсеткіштерін осы шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылатын ескертпелермен бірге қарау керек.

	Ескертпе	2024 жылғы 31 желтоқсан мың теңге	2023 жылғы 31 желтоқсан мың теңге
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	12	632,686,811	519,666,758
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары		2,595,712	285,199
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржылық активтер			
Банк меншігіндегі	13	534,905,461	462,928,893
«Репо» шарттары бойынша кепілге салынған	13	169,542,458	-
Банктердегі шоттар мен депозиттер	14	147,195,660	134,264,929
Клиенттерге берілген кредиттер	15	1,482,480,721	1,362,720,778
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынған инвестициялар			
Банк меншігіндегі	16	39,556,205	130,510,548
«Репо» шарттары бойынша кепілге салынған	16	43,926,775	32,465,139
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар	17	7,560,000	-
Ағымдағы салық активі		2,027,276	67,843
Негізгі қаражаттар мен материалдық емес активтер	18	29,082,254	26,512,087
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	18	2,348,618	2,116,849
Басқа активтер	19	30,166,941	25,327,454
Барлық активтер		3,124,074,892	2,696,866,477
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары		1,063,209	134,362
Банктердің шоттары мен депозиттері	20	25,402,755	20,316,541
«Репо» мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	21	212,452,958	32,226,575
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	22	2,288,633,132	2,143,970,516
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	23, 25	8,270,821	8,273,979
Шығарылған реттелген борыштық бағалы қағаздар	24, 25	66,491,096	64,644,603
Өзге де тартылған қаражаттар	25	74,662,871	72,984,547
Жалға алу міндеттемелері	25	2,973,358	2,671,354
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	11	9,217,003	14,509,077
Басқа да міндеттемелер	26	34,494,131	33,197,794
Барлық міндеттемелер		2,723,661,334	2,392,929,348
МЕНШІК КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	27	61,135,197	61,135,197
Эмиссиялық кіріс		2,025,632	2,025,632
Жалпы банкілік тәуекелдер жөніндегі қор		8,234,923	8,234,923
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв		17,345,810	5,810,357
Бөлінбеген пайда		311,671,996	226,731,020
Барлық меншік капитал		400,413,558	303,937,129
Барлық міндеттемелер мен меншік капитал		3,124,074,892	2,696,866,477
Бір жай акцияның баланстық құны (теңге)	27 (в)	18,683.89	14,072.09

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылмаған есептің көрсеткіштерін осы шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылатын ескертпелермен бірге қараған жөн.

	2024 ж. мың теңге	2023 ж. мың теңге
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Алынған пайыздық кірістер	337,780,238	298,704,250
Төленген пайыздық шығындар	(167,847,165)	(147,905,262)
Алынған комиссиялық кірістер	37,755,169	44,858,566
Төленген комиссиялық шығындар	(18,359,949)	(15,268,953)
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза (төлемдер)/түсімдер	(460,161)	9,663,447
Шетел валютасымен жүргізілетін операциялар бойынша таза түсімдер	43,905,572	49,471,781
Өзге төлемдер	(3,001,970)	(134,189)
Персоналға төленген шығындар	(44,343,070)	(38,510,301)
Төленген өзге де жалпы және әкімшілік шығыстар	(29,212,366)	(15,204,580)
Операциялық активтердің (ұлғаюы)/азаюы		
Банктердегі шоттар мен депозиттер	(421,162)	(123,358,212)
Клиенттерге берілген кредиттер	(179,278,474)	(372,118,748)
Басқа активтер	316,754	(847,494)
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы/(азаюы)		
Банктердің шоттары мен депозиттері	2,318,253	(73,132)
«Репо» мәмілелерсі бойынша кредиторлық берешек	180,008,168	31,968,083
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	22,697,161	225,785,697
Басқа да міндеттемелер	(894,705)	912,568
Табыс салығын төлеуге дейін операциялық қызметтен алынған/(пайдаланылған) таза ақша ағындары	180,962,293	(52,056,479)
Табыс салығын төлеу	(18,017,233)	(26,504,853)
Операциялық қызметтен алынған/(пайдаланылған) ақша қаражаттарының ағындары	162,945,060	(78,561,332)
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Еншілес кәсіпорынның акционерлік капиталына салым	(7,560,000)	-
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржылық активтерді сатып алу	(699,010,826)	(774,095,614)
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтерін сату және өтеу	525,067,968	449,693,876
Бағалы металдарды сатып алу	(128,698)	(424,320)
Бағалы металдарды сату	370,993	307,781
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын инвестицияларды сатып алу	-	(34,581,915)
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын инвестицияларды өтеу	100,955,315	92,011,890
Негізгі қаражаттар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(6,950,415)	(8,702,093)
Негізгі қаражаттар мен материалдық емес активтерді сату	22,827	22,576
Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақша ағындары	(87,232,836)	(275,767,819)

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылмаған есептің көрсеткіштері осы шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылатын ескертпелермен бірге қаралуы керек.

	2024 ж. мың теңге	2023 ж. мың теңге
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу	-	(8,118,890)
Шығарылған реттелген борыштық бағалы қағаздардан түсетін түсімдер	-	450,011
Шығарылған реттелген борыштық бағалы қағаздарды өтеу	(2,952,200)	(14,974,550)
Басқа да тартылған қаражаттың түсімі	12,431,372	5,102,864
Басқа да тартылған қаражатты өтеу	(10,756,250)	(2,197,036)
Жалдау шарттары бойынша төлемдер	(1,694,415)	(1,349,839)
Қаржылық қызметте пайдаланылған ақша қаражаттарының ағындары	(2,971,493)	(21,087,440)
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза ұлғаюы/(азаюы)	72,740,731	(375,416,591)
Валюта бағамдарының өзгеруінің ақша қаражаттары мен олардың баламаларына тигізетін әсері	40,259,114	(12,151,217)
Күтілетін кредиттік залалдардың өзгерістерінің әсері	20,208	341,175
Жыл басындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары	519,666,758	906,893,391
Жыл соңындағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен олардың баламалары (12-ескерпе)	632,686,811	519,666,758

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылмаған есептің көрсеткіштері осы шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылатын ескертпелермен бірге қаралуы керек.

	Акционерлік капитал	Эмиссиялық кіріс	Жалпы банкілік тәуекелдер жөніндегі қор	Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв	Бөлінбеген пайда	Барлық меншік капитал
мың теңге						
2023 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	61,135,197	2,025,632	8,234,923	(5,491,407)	129,839,488	195,743,833
Жалпы жиынтық кіріс						
Бір жылдағы пайда	-	-	-	-	96,891,532	96,891,532
Басқа жиынтық кіріс						
<i>Пайда немесе залал құрамына қайта жіктелген немесе кейіннен қайта жіктелуі мүмкін баптар:</i>						
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы активтерінің әділ құнының таза өзгерісі	-	-	-	12,734,704	-	12,734,704
Пайда немесе залал құрамына аударылған басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы активтерінің әділ құнының таза өзгерісі	-	-	-	(2,760,804)	-	(2,760,804)
Кейінге қалдырылған салықтың өзгерісі	-	-	-	1,327,864	-	1,327,864
<i>Пайда немесе залал құрамына қайта жіктелген немесе кейіннен қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар</i>	<i>-</i>	<i>-</i>	<i>-</i>	<i>11,301,764</i>	<i>-</i>	<i>11,301,764</i>
Барлық басқа жиынтық кіріс	-	-	-	11,301,764	-	11,301,764
Бір жылдағы жалпы жиынтық кіріс	-	-	-	11,301,764	96,891,532	108,193,296
2023 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	61,135,197	2,025,632	8,234,923	5,810,357	226,731,020	303,937,129

Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылмаған есептің көрсеткіштерін осы шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылатын ескертпелермен бірге қараған жөн.

мың теңге	Акционерлік капитал	Эмиссиялық кіріс	Жалпы банкілік тәуекелдер жөніндегі қор	Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв	Бөлінбеген пайда	Барлық меншік капитал
2024 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	61,135,197	2,025,632	8,234,923	5,810,357	226,731,020	303,937,129
Жалпы жиынтық кіріс						
Бір жылдағы пайда	-	-	-	-	84,940,976	84,940,976
Басқа жиынтық кіріс						
<i>Пайда немесе залал құрамына қайта жіктелген немесе кейіннен қайта жіктелуі мүмкін баптар:</i>						
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы активтерінің әділ құнының таза өзгерісі	-	-	-	15,658,792	-	15,658,792
Пайда немесе залал құрамына аударылған басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы активтерінің әділ құнының таза өзгерісі	-	-	-	(3,476,910)	-	(3,476,910)
Кейінге қалдырылған салықтың өзгерісі (11-ескертпе)	-	-	-	(646,429)	-	(646,429)
<i>Пайда немесе залал құрамына қайта жіктелген немесе кейіннен қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар</i>	-	-	-	11,535,453	-	11,535,453
Барлық басқа жиынтық кіріс	-	-	-	11,535,453	-	11,535,453
Бір жылдағы жалпы жиынтық кіріс	-	-	-	11,535,453	84,940,976	96,476,429
2024 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	61,135,197	2,025,632	8,234,923	17,345,810	311,671,996	400,413,558

Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылмаған есептің көрсеткіштерін осы шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылатын ескертпелермен бірге қараған жөн.

1 Жалпы ережелер

(а) Негізгі қызмет

Банк 1994 жылы Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жабық акционерлік қоғам ретінде құрылды. 2003 жылғы заңнамаға енгізілген өзгерістердің салдарынан Банк 2003 жылғы 2 қыркүйекте акционерлік қоғам ретінде қайта тіркелді. Банк өз қызметін 2020 жылғы 3 ақпанда берілген №1.2.68/242/40 банктік және өзге де операцияларды жүргізуге арналған банктік лицензия және бағалы қағаздар нарығындағы қызмет негізінде жүзеге асырады. Банк қызметінің негізгі түрлері депозиттерді тарту және клиент шоттарын жүргізу, кредиттер мен кепілдіктер беру, кастодиандық қызметтер көрсету және есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету, бағалы қағаздармен және шетел валютасымен операциялар жүргізу болып табылады.

Банк Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қорының мүшесі болып табылады.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын Банктің 19 өңірлік филиалы (2023 жылы: 19) және 122 есептік-кассалық бөлімшесі (2023 жылы: 118) бар.

Банктің бас кеңсесінің заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қонаев к-сі, 56.

2017 жылғы 21 тамызда банктің еншілес кәсіпорындары – «Евразийский проект 1» ЖШС мен «Евразийский проект 2» ЖШС тіркелді. Аталған кәсіпорындардың негізгі қызметі банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алу және басқару болып табылады.

2024 жылғы 11 қаңтарда Өзбекстан Республикасының Орталық банкі «Еуразиялық Банк» АҚ жаңа еншілес банктің тіркелгенін бекітті.

(б) Акционерлер

2024 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Еуразиялық қаржы компаниясы» АҚ («ЕҚК») Банктің бас компаниясы болып табылады және Банктің 100% акцияларына иелік етеді. Мукадасхан Ибрагимов, Патох Шодиев, Александр Машкевич ЕҚК акционерлері болып табылады, олардың әрқайсысы 33.3% акцияға ие.

(в) Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары

Банк қызметі Қазақстанда жүзеге асырылады. Тиісінше дамушы нарықтың ерекшеліктеріне тән Қазақстанның экономикасы мен қаржы нарықтары Банктің бизнесіне әсер етеді. Құқықтық, салықтық және әкімшілік жүйелер дамуын жалғастыруда, алайда олардың талаптарын түсіндірудің екіұштылық тәуекелімен ұштасады, олар сондай-ақ жиі өзгерістерге ұшырайды, бұл басқа заңдық және фискалдық кедергілермен бірге Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша проблемалар туғызады. Қазақстандық теңге бағамының құбылмалылығы, әлемдік нарықтардағы мұнай бағасының тұрақсыздығы және Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы жалғасып жатқан әскери жанжал да шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттарының белгісіздік деңгейін арттырады.

Сонымен қатар 2025 жылдың сәуірінде Америка Құрама Штаттарының (Трамп әкімшілігі) белгілі бір тауар санаттарын импорттаудың жаңа тарифтерін енгізуі жаһандық экономика мен халықаралық сауда қызметінің жай-күйіне қосымша тәуекелдер туғызды. Сыртқы сауда саясатындағы аталған өзгерістер Қазақстандағы макроэкономикалық жағдай мен Банктің қызметіне әсер етуі мүмкін.

Ұсынылып отырған шоғырландырылмаған қаржылық есептілік Қазақстанда бизнес жүргізу шарттары Банктің қызметі мен қаржылық жағдайына қандай әсер ететініне басшылық көзқарасын көрсетеді. Болашақ шаруашылық жағдайларының нақты әсері олардың басшылығының бағасынан өзгеше болуы мүмкін.

2 Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті жасау қағидаттары

(а) Қолданылатын стандарттар

Қоса беріліп отырған шоғырландырылмаған қаржылық есептілік халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес («ҚЕХС») шығарған ҚЕХС қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалды.

Сондай-ақ Банк 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған бір жылдың шоғырландырылған қаржы есебін ҚЕХС-ке сәйкес дайындады, аталған есепті Қазақстан Республикасы Алматы қ., Қонаев к-сі, 56 мекенжайында орналасқан Банктің бас кеңсесінен алуға болады.

(б) Қаржылық көрсеткіштерді бағалау қағидаттары

Шоғырландырылмаған қаржылық есептілік әділ құны бойынша бағаланатын белгілі бір қаржы құралдарынан басқа, нақты шығындар бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды.

(в) Аталған шоғырландырылмаған қаржылық есептілік деректерін ұсынудың валютасы мен функционалдық валютасы

Банктің функционалдық валютасы қазақстандық теңге («теңге») болып табылады, ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола отырып, Банк жүргізетін операциялардың көпшілігінің экономикалық мәнін және оның қызметіне әсер ететін соған байланысты мән-жайларды жақсы көрсетеді.

Теңге сондай-ақ осы шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің деректерін ұсыну валютасы болып табылады. Шоғырландырылмаған қаржы есептілігінің барлық деректері мың теңгеге дейінгі дәлдікпен дөңгелектенді.

(г) Бағалау мен пайымдауды қолдану

ҚЕХС талаптарына сәйкес шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті дайындау басшылықты есеп саясатын қолдану және шоғырландырылмаған қаржылық есептілікте ұсынылған активтер мен міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың мөлшеріне әсер ететін пайымдаулар, есептік бағалаулар мен болжамдарды жасауға міндеттейді. Нақты нәтижелер көрсетілген бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Бағалау және олардың негізінде жатқан болжамдар тұрақты негізде қайта қаралады. Бағалардағы түзетулер тиісті бағалаулар қайта қаралған есепті кезеңде және олар қозғайтын кез келген кейінгі кезеңдерде танылады.

Бұдан әрі аталған Ескертпелер есеп саясатының ережелерін қолдану кезінде елеулі белгісіз бағалаулар мен сыни дәлелді пайымдауларға қатысты ақпаратты ұсынады:

- қаржылық активтердің жіктелуі: қаржылық активтер ұсталатын бизнес-модельді бағалау және қаржылық активтің шарттық талаптары тек негізгі қарыз бен негізгі қарыздың өтелмеген қалдығына пайыздарды төлеуді көздейтінін бағалау – 3(г)(і) ескертпе;
- бастапқы танылған сәттен бастап қаржы активі бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі өсімі орын алғанын бағалау критерийлерін белгілеу, болжамды ақпаратты күтілетін кредиттік залалдарды бағалауға енгізу жөніндегі әдіснаманы айқындау, сондай-ақ күтілетін кредиттік шығындарды бағалау үшін пайдаланылатын модельдерді таңдау және бекіту – 3(ж)(іі)- (iv)-ескертпе -және 15(б)-ескертпе;
- қаржы құралдарының құнсыздануы: күтілетін кредиттік залалдарды бағалау моделі үшін бастапқы деректерді айқындау, оның ішінде болжамды ақпаратты қосу – 3(ж)(iv)-ескертпе;
- агенттік қызметтерден түсетін комиссиялық табысты тану – 3(н) ескертпе.

(д) Банктің қызметінің үздіксіздігін бағалау

Қоса беріліп отырған шоғырландырылмаған қаржы есептілігі Банк қызметінің үздіксіздігі туралы болжамға сүйене отырып дайындалды.

3 Есеп саясатының маңызды ережелері

Бұдан әрі сипатталған есеп саясатының ережелерін Банк осы шоғырландырылмаған қаржы есептілігінде ұсынылған барлық есепті кезеңдерде дәйекті түрде қолданды.

(а) Еншілес ұйымдардың инвестицияларын шоғырландырылмаған қаржы есептілікте есепке алу

Еншілес ұйымдар Банк бақылауындағы инвестиция объектілері болып табылады. Егер Банк инвестиция объектісіне қатысудан түсетін ауыспалы табысқа байланысты тәуекелге ұшыраса немесе осындай кірісті алу құқығы болған жағдайда, сондай-ақ инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану арқылы көрсетілген осындай кірістің мөлшеріне әсер ету қабілеті болған жағдайда, Банк инвестиция объектісін бақылайды. Еншілес ұйымдардың инвестициялары Банктің шоғырландырылмаған қаржылық есептілігінде нақты құны бойынша ескеріледі.

Еншілес компания инвестицияларының құнсыздануы

Банк әрбір есепті күні еншілес компаниялардың инвестицияларының ықтимал құнсыздану белгілерін айқындайды. Мұндай белгілер болған кезде немесе егер инвестициялардың құнсыздануына жыл сайынғы тестілеу жүргізу талап етілсе, Банк өтелетін инвестициялардың сомасын бағалайды. Өтелетін инвестиция сомасы келесі шамалардың ішіндегі ең үлкені болып табылады: шығу шығындары мен активті пайдалану құнын шегергендегі әділ актив құны.

Актив негізінен басқа активтер немесе активтер топтары өндіретін ағындардан тәуелсіз ақша ағындарын тудырмайтын жағдайларды қоспағанда, жеке активтің өтелетін сомасы анықталады. Егер активтің немесе ақша қаражатын өндіретін бірліктің баланстық құны оның өтелетін сомасынан асып кетсе, актив құнсызданған болып есептеледі және өтелетін сомаға дейін есептен шығарылады. Пайдалану құнын бағалау кезінде есептелген болашақ ақша ағындары ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активке тән тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейінгі дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталған құнға дейін дисконтталады. Шығу шығындарын шегергендегі әділ құнды анықтау кезінде соңғы нарықтық операциялар ескеріледі. Олар болмаған жағдайда тиісті бағалау моделі қолданылады. Бұл есептеулер бағалау коэффициенттерімен, нарықта еркін айналымдағы акция бағасының баға белгілеулерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады. Банк құнсыздану сомасын жекелеген активтер жатқызылған ақша қаражатын өндіретін әрбір бірлік үшін жеке дайындалатын егжей-тегжейлі жоспарлар мен болжамды есептеулер негізінде айқындайды. Бұл жоспарлар мен болжамды есептеулер әдетте бес жылға жасалады. Ұзақ мерзімді өсу қарқыны бесінші жылдан кейінгі болжамды болашақ ақша ағындарына есептелініп қолданылады.

Еншілес компания инвестицияларының құнсыздануынан болған залалдар «Еншілес кәсіпорын инвестицияларының құнсыздануынан болған залалдар» құрамындағы пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылмаған есепте танылады. Банк әрбір есеп беретін күні гудвилді қоспағанда, инвестициялардың құнсыздануынан бұрын танылған шығындар бұдан былай жоқ немесе азайған деген белгілерді анықтайды. Егер мұндай белгі болса, Банк өтелетін инвестиция сомасын есептейді. Құнсызданудан бұрын танылған залалдар, егер өтелетін инвестиция сомасын айқындау үшін пайдаланылған жорамалдарда құнсызданудан болған залал соңғы танылған кезден бастап өзгеріс болған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру сомалары инвестицияның баланстық құны оның өтелетін сомасынан аспайтындай, сондай-ақ егер өткен жылдары құнсызданудан залал танылмаса, осы инвестиция танылатын баланстық құннан аспайтындай етіп шектеледі. Құнның мұндай қалпына келуі пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылмаған есепте танылады.

(б) Шетел валютасы

Шетел валютасындағы операциялар Банктің құрамына кіретін кәсіпорындардың функционалдық валютасына операциялар жасалған күндерде қолданыста болған валюта бағамдары бойынша аударылады.

Есепті күнгі жағдай бойынша шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күні қолданыста болған валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға аударылады. Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтермен және міндеттемелермен жүргізілетін операциялардан түскен пайда немесе залал кезеңнің басындағы жағдай бойынша функционалдық валютадағы амортизацияланған құн, кезең ішінде тиімді мөлшерлеме бойынша есептелген пайыздар мен төлемдер мөлшеріне түзетілген және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша валюталық бағам бойынша функционалдық валютаға аударылған шетел валютасындағы амортизацияланған құн арасындағы айырманы білдіреді.

Шетел валютасында көрсетілген және әділ құн бойынша бағаланатын монетарлық емес активтер мен міндеттемелер әділ құн айқындалған күні қолданылатын айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валютасында көрсетілген және нақты шығындар бойынша көрсетілген монетарлық емес активтер мен міндеттемелер операция жасалған күні қолданыста болған валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға аударылады.

Функционалдық валютаға аудару нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмалар, оларға қатысты Банк басқа жиынтық табыстың құрамында әділ құнның кейінгі өзгерістерін ұсыну туралы шешім қабылдаған үлестік қаржы құралдарын қоспағанда, пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Мұндай үлестік құралдар бойынша бағамдық айырмашылықтар басқа жиынтық табыстың құрамында танылады.

Төменде Банктің шоғырландырылмаған қаржы есептілігін жасаған кезде пайдаланған жыл соңындағы валюталардың айырбастау бағамдары берілген:

	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
Теңге/АҚШ доллары	525.11	454.56
Теңге/еуро	546.74	502.24

(в) Ақша қаражаттары мен олардың баламалары

Ақша қаражаттары мен олардың баламаларына қолма-қол банкноттар мен монеталар, ҚРҰБ және басқа банктердегі бос қалдықтар («Ностро» үлгісіндегі шоттар), сондай-ақ әділ құнның өзгеру қаупіне ұшырамайтын және қысқа мерзімді міндеттемелерді реттеу үшін Банк пайдаланатын бастапқы өтеу мерзімі 3 айдан аз жоғары өтімді қаржылық активтер жатады. Ақша қаражаттары мен олардың баламалары амортизацияланған құн бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылмаған есепте көрсетіледі.

(г) Қаржы құралдары

(і) Қаржы құралдарын жіктеу

ХҚЕС-ке (IFRS) 9 сәйкес «Қаржы құралдары» қаржылық активтер ақша ағындарын қалыптастыру мақсатында өздерінің қаржылық активтерін басқару үшін Банк пайдаланатын бизнес-модельге байланысты келесі санаттарға жіктеледі:

SPPI («solely payments of principal and interest») критерийіне сәйкес келетін «Шарттық ақша ағындарын алу және/немесе сату үшін ұстап қалу» бизнес-моделі шеңберінде **басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы құралдары**. Бұл бизнес-модель мақсатқа шартта көзделген ақша ағындарын алу арқылы да, активті сату арқылы да қол жеткізіледі деп болжайды. Осы модель шеңберінде сату деңгейі «шарттық ақша ағындарын алу үшін ұстап қалу» бизнес-моделіне қарағанда әдетте жоғары (активтермен жасалатын мәмілелердің жиілігі мен көлемі бойынша) болады.

«Шарттық ақша ағындарын алу үшін ұстап қалу» бизнес-моделі шеңберінде **амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы құралдары** SPPI критерийіне сәйкес келеді. Осы бизнес-модель шеңберінде көзделген мақсат:

- шартта көзделген ақша қаражатының ағындарын алу мақсатында активтерді ұстап қалу;

- осы модельдің мақсатына қатысты сату қосалқы болып табылады;
- осы модельдегі сату деңгейі, әдетте, басқа бизнес-модельдермен салыстырғанда ең төмен (активтермен жасалған мәмілелердің жиілігі мен көлемі бойынша).

SPPI критерийіне сәйкес келмейтін «Әділ құн негізінде активтерді басқару және активтерді сату арқылы ақша ағындарын барынша арттыру» бизнес-моделі шеңберінде **пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары**.

Осы бизнес-модель шеңберінде «алу үшін ұстап қалу» мақсаты көзделмеген және «алу және/немесе сату үшін ұстап қалу» мақсаты көзделмеген. Шартта қарастырылған ақша ағындарын алу осы модельдің мақсатына қатысты екінші дәрежелі болып табылады.

Нақты қаржылық активтерге арналған бизнес-модельді анықтау үшін Банк келесі ақпаратты талдайды:

- бизнес-модельдің (және осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қаржылық активтердің) нәтижелілігі қалай бағаланады және бұл ақпарат негізгі басқару персоналына қалай хабарланатынын;
- бизнес-модельдің өнімділігіне әсер ететін тәуекелдер (және осы бизнес-модельде ұсталатын қаржылық активтер) және осы тәуекелдер қалай басқарылатынын;
- портфельді басқаруға жауапты менеджерлер қалай марапатталады, мысалы, бұл сыйақы олар басқаратын активтердің әділ құнына немесе олар активтерден алған шартта көзделген ақша ағындарына байланыстылығын;
- өткен кезеңдердегі сату жиілігі, көлемі мен мерзімі, мұндай сатылымдардың себептері, сондай-ақ болашақ сату деңгейіне қатысты күтулер. Бұл ретте сату деңгейлері туралы ақпарат басқа деректерден оқшау емес, Банктің қаржылық активтерді басқару мақсатына қалай қол жеткізетінін және ақша қаражаттарының ағындары қалай іске асырылатынын біртұтас тұтас талдау шеңберінде қаралады. Бұл өткен сатылымдар туралы ақпаратты, осы сатылым себептерін және қазіргі жағдайлармен салыстырғанда сол кездегі жағдайларды талдайды.

Банк қаржы құралы бастапқы танылған кезде оған жатқызылатын санатты анықтайды.

Банк бастапқы танылған кезде, өз қалауы бойынша амортизацияланған құн бойынша немесе басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағалау критерийлеріне сәйкес келетін қаржы активін, егер бұл басқаша болатын бухгалтерлік сәйкессіздікті жоюға немесе айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берсе, пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағалау санатына анықтай алады.

Оң әділ құны бар саудаға арналған барлық туынды қаржы құралдары, сондай-ақ сатып алынған опциондық келісімшарттар шоғырландырылмаған қаржылық есептілікте активтер ретінде көрсетіледі. Теріс әділ құны бар саудаға арналған барлық туынды қаржы құралдары, сондай-ақ шығарылған опциондық келісімшарттар шоғырландырылмаған қаржылық есептілікте міндеттемелер ретінде көрсетіледі.

Банк қаржы активтері туралы мәліметтерді басқару үшін қолданылатын бизнес-модельді өзгерткен жағдайда ғана қаржы активтерін қайта жіктейді. Қайта жіктеу бизнес-модельдің өзгеру кезеңінен кейінгі келесі есепті кезеңнен бастап перспективалы түрде қолданылады.

Банк өзінің қаржылық активтерін келесі түрде жіктейді:

- *кредиттер мен дебиторлық берешек* амортизацияланған құн бойынша бағаланатын активтер ретінде жіктеледі, өйткені шарттары SPPI критерийіне сәйкес келмейтін несиелерден басқа, SPPI критерийіне сәйкес келетін «Келісімшарттық ақша ағындарын алу үшін ұстап қалу» бизнес-моделінің бөлігі ретінде басқарылады;

- корреспонденттік шоттардың қалдықтары, банкаралық кредиттер мен депозиттер, кері РЕПО операциялары амортизацияланған құны бойынша бағаланатын активтер ретінде жіктеледі, өйткені олар SPPI критерийіне сәйкес келетін «Шарттық ақша ағындарын алу үшін ұстап қалу» бизнес-моделі шеңберінде басқарылады;
- борыштық бағалы қағаздар тандалған бизнес үлгісіне және SPPI критерийіне сәйкестігіне байланысты кез келген үш жіктеу санатына жіктелуі мүмкін;
- үлестік бағалы қағаздар, әдетте, оның кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамындағы өзгерістерін көрсете отырып, әділ құн бойынша бағаланатын құралдар санатына жіктелетін болады;
- туынды қаржы құралдары оның кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамындағы өзгерістерін көрсете отырып, әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері санатына жіктеледі.

Бастапқы тану кезіндегі қаржылық міндеттемелер келесі құралдарды қоспағанда, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын болып жіктеледі:

- пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер ХҚЕС (IFRS) 9 банктің қалауы бойынша қаржылық міндеттемені кейіннен қайта жіктеу құқығынсыз пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде бастапқы танылған кезде жіктеу мүмкіндігін көздейді).

(ii) Шоғырландырылмаған қаржы есептілігіндегі қаржы құралдарын тану

Қаржылық активтер мен міндеттемелер Банк аталған қаржы құралдарының нысанасы болып табылатын шарттық қатынастарға түскен кезде қаржылық жағдай туралы шоғырландырылмаған есепте көрсетіледі. Қаржы активтерін стандартты сатып алудың барлық жағдайлары есеп айырысқан күні көрсетіледі.

(iii) Қаржы құралдарының құнын бағалау

Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланбайтын қаржы активі немесе міндеттеме, қаржы активін немесе міндеттемені сатып алу немесе шығаруға тікелей жатқызылатын мәміле бойынша шығындар болған жағдайда, қаржылық актив немесе міндеттеме бастапқыда минус/плюс әділ құны бойынша бағаланады.

Бастапқы танылғаннан кейін активтер болып табылатын туынды қаржы құралдарымен қоса, қаржы активтері сату немесе өзге де шығарылу нәтижесінде туындауы мүмкін мәмілелер бойынша қандай да бір шығындарды шегермей, олардың әділ құны бойынша бағаланады, төмендегілердеі қоспағанда:

- тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін, корреспонденттік шот қалдықтарын, банкаралық кредиттер мен депозиттерді, сондай-ақ ақша қаражаттары мен олардың баламаларын пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша бағаланатын кредиттер мен дебиторлық берешек;
- тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құн бойынша бағаланатын «шарттық ақша ағындарын алу үшін ұстап қалу» бизнес-моделі шеңберіндегі инвестициялар;
- амортизацияланған құн бойынша бағаланатын басқа да қаржы активтері.

(iv) Амортизацияланған құн және жалпы баланстық құн

Қаржы активінің немесе міндеттеменің амортизацияланған құны тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып айқындалған бастапқы танылған құн мен өтеу сәтіндегі құн арасындағы айырманың жинақталған амортизациясының шамасына түзетілген берешектің негізгі сомасын төлеуді, сондай-ақ шығындар үшін бағалау қорын шегергенде қаржы активі немесе міндеттеме бастапқы танылған сәтте бағаланған құн болып табылады. Сыйлықақылар мен дисконттардың шамасы, сондай-ақ мәмілелер бойынша шығындардың сомалары тиісті құралдың баланстық құнына енгізіліп, осы құралдың тиімді пайыздық мөлшерлемесіне сүйене отырып амортизацияланады.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активінің жалпы баланстық құны-шығындар үшін бағалау қорының шамасына түзетуге дейінгі қаржы активінің амортизацияланған құны.

Нарықтық емес мөлшерлемелер бойынша алынған/берілген қаржылық активтер немесе міндеттемелер әділ құн бойынша алынған/берілген кезде бағаланады, бұл ұқсас құралдар бойынша нарықтық пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған берешек пайыздары мен негізгі сомасы (негізгі сомалары) бойынша төлемдердің болашақ сомаларын білдіреді. Егер транзакция Банкпен байланысты емес Тараптармен орындалған жағдайда, пайда болатын айырма пайда немесе залал құрамында қаржы құралдарын нарықтық құннан басқа мөлшерлемелер бойынша алу/беруден түскен пайда немесе залал ретінде көрсетіледі (әділ құнды бағалау байқалатын бастапқы деректер негізінде жүзеге асырылған жағдайда). Кейіннен мұндай активтердің немесе міндеттемелердің баланстық құны алу/(беру) сәтіндегі пайданың/(залалдың) амортизация сомасына түзетіледі және тиісті кірістер/(шығыстар) тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайданың немесе залалдың құрамындағы пайыздық кірістің/(шығыстың) құрамында көрсетіледі.

(v) Әділ құн бойынша бағалау қағидаты

Әділ құн-бұл активті сату кезінде алынатын немесе ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылатын операция жағдайында міндеттемені негізгі нарықта бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында немесе ол болмаған жағдайда Банктің көрсетілген күнге қол жеткізуі бар ең тиімді нарықта берілген кезде төленетін баға. Міндеттеменің әділ құны оны орындамау қаупін көрсетеді.

Банк мүмкіндігінше, белсенді нарықта берілген құралдың бағаларын қолдана отырып, құралдың әділ құнын бағалайды. Егер актив немесе міндеттеме бойынша операциялар тұрақты негізде баға белгілеулерді айқындауға жеткілікті жиілікте әрі жеткілікті көлемде жасалса, нарық белсенді деп танылады.

